

Ұлытау ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 тамыздағы III сессиясының № 32 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 қыркүйекте № 3954 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 427 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 31.12.2020 № 427 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Зандарына сәйкес, Ұлытау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Қоса берілген Ұлытау ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. Ұлытау аудандық мәслихатының 2007 жылғы 13 шілдедегі 26 сессиясының № 26-6 "Бейбіт жиналыстар, митингілер және пикеттер өткізудің тәртібі мен орнын қосымша реттеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-16-25 болып тіркелген, 2007 жылғы 04 тамыздағы № 30 (5600) "Ұлытау өнірі" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау аудандық мәслихатының
сессиясының төрағасы,
мәслихат хатшысы

T. Сейтжанов

Ұлытау аудандық мәслихатының
2016 жылғы 04 тамыздағы № 32
шешімімен бекітілген

Ұлытау ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

1. Осы Ұлытау ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу (әрі қарай - Тәртіп) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10 бабына сәйкес әзірленген және Ұлытау ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттейді.

2. Ұлытау ауданы аумағында бейбіт жиналыстар және митингілер өткізу орындары:

- 1) Ұлытау селосы, Абай көшесіндегі "Қазпошта" мекемесі ғимаратының алды ;
- 2) Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесіндегі "Таңбалы тас" саябағы;
- 3) Жезді кенті, Құттымбетов көшесіндегі "Жезді кентінің мәдени-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны алдындағы алаң;

3. Ұлытау ауданы аумағында шерулер және демонстрациялар өткізу үшін маршруттар:

- 1) Ұлытау селосы, Абай көшесінің қылышынан бастап, "Қазпошта" ғимаратына дейін;
- 2) Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесінің қылышынан бастап "Таңбалы тас" саябағына дейін;
- 3) Жезді кенті, Құттымбетов көшесінің қылышынан бастап "Жезді кентінің мәдени-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны алдындағы алаңға дейін;

4. Аудан әкімдігі басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл жекеңтер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақыты, жерін және маршрутын ұсынады.

5. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген күннінен кемінде 10 күн бұрын жазбаша нысанда беріледі.

6. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (үйымдастырушылардың) және тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген күні көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі аудан әкімдігінде тіркелген күннінен бастап есептеледі.

7. Осы тәртіптің 5, 6 тармақтарының талаптары орындалмаған жағдайда өтініш берушіге жол берілген кемшілікті жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы жауап қайтарылады. Жаңа өтінішті қарау мерзімі оның түскен күнінен бастап есептеледі.

8. Түсіндіру мазмұнындағы жауапта, ұйымдастырушылар барлық дайындық шараларын тоқтатуға және бұл туралы ықтимал қатысуышыларды хабардар ету бойынша шаралар қабылдауға жазбаша нұсқалады.

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысуышылардың сөз сейлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысуышылар қоғамдық тәртіпті сақтауы керек.

11. Уәкілеттілер (ұйымдастырушылар) жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларға сот әрекет қаблеттілігі жоқ деп таныған тұлғалардың, алкогольдік немесе есірткілік масаң күйдегі тұлғалардың қатысуына жол бермеуі керек.

12. Уәкілеттілер (ұйымдастырушылар) және басқа да қатысуышылар жиналыстарда, митингілерде, шерулерде, пикеттерде, демонстрацияларда жеке басын анықтауға қызындық келтіретін бетперде және басқа да бұйымдарды қолдануға жол берілмейді.

13. Уәкілеттілер (ұйымдастырушылар) және басқа да қатысуышылар жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өтетін орында алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды, олардың балама түрлерін және прекурсорларды қолдануға, қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға, біреудің ар-намысына тиетін, транспаранттарды, ұрандарды қолдануға тыйым салынады.

14. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде Қазақстан Республикасын заңнамаларында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар аудан әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылуға тиіс.

15. Қоғамдық тәртіпті, сонымен қатар пикетке қатысуышылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, аудан әкімдігі бір күнде, бір уақытта және бір обьектіде үшеуден аспайтын жеке дара пикетті өткізуге рұқсат беруі мүмкін.

16. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар пикетке қатысуышылардың қауіпсіздігі мақсатында түрлі және дар пикетке қатысуышылар бір-бірінен 50 метрден кем емес қашықтықта орналасады.

17. Пикет өткізу кезінде пикет өткізілетін объектінің алдында тұруға, отыруға , көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға, пикеттің тақрыбы бойынша қысқа ұрандарды айтуда, ұран сөздерді (өз дауысының мүмкіндігімен) жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК